

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫНЫҢ АППАРАТЫ,
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЗАҢ
КОНСУЛЬТАНТТАРЫ АЛҚАСЫ мен
АСТАНА қ. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫ
АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке – Тарап деп аталатын, бір тараптан Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Аппараты, екінші тараптан Респубикалық заң консультанттари алқасы мен Астана қ. Заң консультанттари палатасы,

азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін уақтылы және сапалы қорғау саласында ынтымақтастық орнатуға ұмтыла отырып,

азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Меморандумның мақсаты азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, Конституцияның ұстемдігін қамтамасыз ету, конституционализм идеяларын ілгерілету, конституциялық бірегейлік пен конституциялық құндылықтарды нығайту, азаматтардың құқықтық мәдениетін және конституциялық заңдылықты арттыру мақсатында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

2-бап

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мыналар:

- заң қызметтерін көрсету саласын сапалы дамытуға бағытталған сындарлы өзара іс-кимылды қамтамасыз ету;

- заң қызметтерін көрсете саласында, оның ішінде оқытуға және біліктілікті арттыруға жәрдемдесу арқылы адами капиталдың сапасын арттыру;
- қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша бірлескен ұсыныстар әзірлеу;
- ақпаратпен үздіксіз және жедел алмасуды қамтамасыз ету;
- заң қызметтерін көрсете сапасын арттыруға және азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- әлеуметтік желілерде заң қызметтерін көрсете саласын дамытудың өзекті мәселелерін жариялау бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз ету;
- азаматтардың әртүрлі топтары арасында кешенді құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Тараптар адам және азамат құқықтарын қорғау мәселелеріндегі Тараптар өзара қолайлы және қажетті деп көздейтін бағыттар бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыра алады.

3-бап

Осы Меморандум шенберінде ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру тиісінше Тараптар ресурстарының мүмкіндігіне және қаржылық қолдауына байланысты болады.

4-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Меморандум қосымша келісімдерге қол қою арқылы өзгертуі және толықтырылуы мүмкін, олар оның ажырамас бөлігі болып табылады және тиісінше ресімделіп, Тараптардың уәкілетті адамдары қол қоюға тиіс.

5-бап

Осы Меморандум шенберінде ынтымақтаса отырып, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Меморандум шенберінде туындастырылған даулар Тараптар арасында талқылаулар және келіссөздер арқылы шешілдетін болады.

6-бап

Осы Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Осы Меморандум, егер оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын сол немесе өзге Тарап одан шығу туралы өз ниетін білдірмесе, жаңа мерзімге ұзартылды деп есептеледі.

7-бап

Осы Меморандумға **2023 жылғы 22 қарашада** Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада қол қойылды, олардың әрқайсының заңдық күші бірдей.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫНЫҢ
АППАРАТЫ**

Басшы





З. Утебаев

АСТАНА қ. ЗАҚ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ
ПАЛАТАСЫ

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЗАҚ
КОНСУЛЬТАНТТАРЫ АЛҚАСЫ**

Төраға орынбасары




Ә. Ақжанов

Төраға




Ә.Ә. Ысқақов